

2015 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының аумағында тұратын, халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың нысаналы топтарын анықтау және қосымша тізімін белгілеу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы N 295 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 31 желтоқсанда N 3038 болып тіркелді

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5-бабы 2-тармағына, 7-бабы 2) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2015 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының аумағында тұратын халықтың нысаналы топтары анықталсын:

- 1) табысы аз адамдар;
- 2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар;
- 3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар;
- 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғыздікті, көп балалы ата-аналар;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар;
- 6) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған);
- 7) мүгедектер;
- 8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;
- 9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар;
- 10) оралмандар;
- 11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер;
- 12) жұмыс беруші-заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші-жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар;
- 13) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар жатады;
- 14) терроризм актісінен жәбірленуші адамдар және оның жолын кесуге қатысқан адамдар кіреді.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімдігінің 20.02.2015 N 37 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының аумағында халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізімі белгіленсін:

1) жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;

2) елу жастан асқан жұмыссыз тұлғалар?

3) он екі ай және одан артық жұмыс істемеген тұлғалар?

4) Семей сынақ ядролық полигонында жүргізілген сынақтардың нәтижесінде зардап шеккен тұлғалар, Чернобыль атомдық электр стансасындағы апатты жоюға қатысқандар?

5) отбасында жұмыс істейтіндер жоқ тұлғалар.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын аудан әкімі	М.Омаров
--	----------